

**"Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 қаулысына
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қазандағы № 700 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 тамыздағы
№ 704 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.08.2023 № 704 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар
туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830
қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ғылым саласындағы сыйлықтарды,
мемлекеттік ғылыми стипендияларды тағайындау қағидаларында:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ғылыми қызметкер – ғылыми ұйымда, жоғары және (немесе) жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру ұйымында немесе ұйымның ғылыми бөлімшесінде
жұмыс істейтін, жоғары білімі бар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
қызмет нәтижесіне қол жеткізетін және оны іске асыратын жеке тұлға;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көтермелеу мақсатында ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқан
ғалымдар, ғылыми ұйымдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми қызметкерлері:

1) үздік ғылыми зерттеулері мен жұмыстары, ғылым саласындағы аса зор
жетістіктері үшін жыл сайынғы сыйлықтарды алуға ұсынылуы;

2) мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылуы мүмкін.

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар:

мемлекет үшін басым бағыттарда іргелі немесе қолданбалы ғылыми
зерттеулерді жүргізуге, ғылыми кадрларды даярлауға белсене қатысатын
ғалымдар мен ғылыми қызметкерлерге;

ғылыми проблемаларды шешу бойынша зерттеулер жүргізуге белсене
қатысатын және ғылыми қоғамдастық мойындаған, қоса алғанда отыз бес жасқа
дейінгі талантты жас ғалымдарға да берілуі мүмкін.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Сыйлықтар алу үшін жұмыстарды ұсыну құқығы меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасы ғылыми ұйымдарының және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ұйымдар) консультативтік-кеңесші органдарына (ғылыми кеңестер) беріледі.";

14-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 41-тармақпен толықтырылсын:

"41. Мемлекеттік стипендияны тағайындау туралы сертификаттарды уәкілетті орган береді.".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин